

Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінде (экономикалық тергеу қызметі) қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 498 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 желтоқсанда № 9933 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 06.01.2022 № 2 (мемлекеттік тіркеуден кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 7-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің жедел-ізвестіру бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің аумақтық органдарының жедел-ізвестіру бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріндегі (экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарға орналасу үшін конкурс өткізу және тағылымдамадан өту қағидалары мен шарттары осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріндегі (экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарға конкурстан тыс орналасу қағидалары мен шарттары осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынуын;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуге алынғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде оның баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық 2014 жылғы 18 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері және
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің төрағасы

_____ Қ. Қожамжаров

2014 жылғы 17 қараша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 17 қарашадағы
№ 498 бұйрығына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті
жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) конкурстық негізде
орналасатын лауазымдар тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Департамент басшысы

Басқарма басшысы

Басқарма басшысының орынбасары

Аса маңызды істер жөніндегі тергеуші

Аса маңызды істер жөніндегі жедел өкіл (анықтаушы)

Аға тергеуші

Аға жедел өкіл (анықтаушы)

Бас маман
Тергеуші
Жедел өкіл (анықтаушы)
Маман

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 17 қарашадағы
№ 498 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті аумақтық органдарының жедел-іздігіру бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Басшының орынбасары
Басқарма басшысы
Басқарма басшысының орынбасары
Аса маңызды істер бойынша тергеуші
Аса маңызды істер жөніндегі жедел өкіл (анықтаушы)
Аға тергеуші
Аға жедел өкіл (анықтаушы)
Бас маман
Тергеуші
Жедел өкіл(анықтаушы)
Анықтаушы
Маман

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 17 қарашадағы
№ 498 бұйрығына
3-қосымша

Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріндегі (экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарға орналасу үшін конкурс өткізу және тағылымдамадан өту қағидалары мен шарттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріндегі (экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарға орналасу үшін конкурс өткізу және тағылымдамадан өту қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарына орналасу үшін конкурс өткізу шарттары мен тәртібін, қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) орналасу кезінде үміткерлердің тағлымдамасын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Қызметкердің құқық қорғау қызметін өткеру кезеңінде бос лауазымға орналасуы, ол тиісті бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, оның келісімі бойынша ауысу тәртібімен конкурстан тыс негізде немесе Заңның 7-бабы 4-тармағына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріндегі (экономикалық тергеу қызметі) қызметке бірдей қол жеткізуге Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Конкурсты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті (бұдан әрі – Комитет) және конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесіне сәйкес бос және уақытша бос лауазымдары (бұдан әрі – бос лауазымдар) бар облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бойынша оның аумақтық органдары (бұдан әрі - аумақтық органдар) өткізеді.

Комитеттің жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) бос лауазымдарына, сондай-ақ аумақтық органдардың басшыларының орынбасарлары, аумақтық органдардың жедел-тергеу бөлімшелері басқармаларының басшылары лауазымына орналасуға конкурсты Комитет өткізеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Комитет пен оның конкурс жариялаған аумақтық органдары бос лауазымға орналасуға үміткерлерді іріктеуді жүзеге асыру үшін конкурстық комиссия (бұдан әрі – конкурстық комиссия) құрады.

4. Конкурстық комиссияның шешімі бос лауазымға орналасуға немесе осындай лауазымға келуден бас тартуға негіз болып табылады.

5. Комитет немесе оның аумақтық органы қайта құрылған не қысқартылған (таратылған) жағдайда ол жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарына міндетті түрде жариялай отырып, оны өткізудің кез келген кезеңінде бұзуға жатады.

2. Конкурсты өткізудің шарттары мен тәртібі

6. Конкурса Заңның 6-бабының 1-тармағында және 10-бабында көрсетілген шарттарға сәйкес келетін, конкурс туралы хабарлама жарияланғаннан кейін қаржы мониторингі органдарының персоналмен жұмыс басқармасына (бұдан әрі – кадр қызметі) осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Конкурс кезеңдеріне жіберілген азаматтар бос лауазымға орналасатын конкурс үміткерлері (бұдан әрі - үміткерлер) болып табылады.

8. Конкурстық комиссия үміткерлердің берген құжаттарын қарайтын алқалы орган болып табылады, әңгімелесу өткізеді және бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеуді жүзеге асырады.

9. Конкурс:

- 1) конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялауды;
- 2) конкурса қатысуға ниет білдірген азаматтардан құжаттарды қабылдауды;
- 3) конкурстық комиссияның конкурса қатысушыларды Заңның 6-бабының 1 және 2-тармақтарында және 10-бабында көрсетілген белгіленген талаптарға, біліктілік талаптарына сәйкес келуін қарауды;

4) алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерді тапсыруды;

6) қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландыруды, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуді;

7) үміткерлермен конкурстық комиссия өткізіп жатқан әңгімелесуді;

8) конкурстық комиссияның қорытынды отырысын қамтиды.

Заңның 6-бабының 1-тармағында және 10-бабында көрсетілген талаптарға, біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлер конкурстың алдыңғы кезеңдерін табысты өткен кезде конкурстың кейінгі кезеңіне жіберіледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Конкурсқа қатысу шығыстарын (конкурс өтетін жерге келу және қайту, тұрғын үй-жайды жалдау, тұру, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) азаматтар өздерінің жеке қаражаттарының есебінен жүргізеді.

3. Конкурс туралы хабарлама

11. Конкурсты өткізу кезінде хабарландыру Комитетте Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында, аумақтық органдарда – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікке аумақтарға таратылатын мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ қаржы мониторингі органдарының интернет-ресурстарында жарияланады.

Ескерту. 11-тармақ жана редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін Заңның 7-бабының 3 және 4-тармақтарымен көзделген тәртіпте азаматтарды, сондай-ақ Комитеттің немесе оның аумақтық органының кадрлар резервінде тұрған адамдарды конкурстық рәсімдер аяқталғанға дейін жарияланған бос лауазымға тағайындауға жол берілмейді.

13. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді:

1) қаржы мониторингі органының орналасқан жері, атауы, пошталық және электрондық мекенжайлары, телефондары мен факс нөмірлері;

2) негізгі функционалдық міндеттері көрсетілген бос лауазымдардың атауы;

3) біліктілік талаптарына сәйкес қаржы мониторингі органымен айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;

4) құжаттарды қабылдау мерзімі мен орнын (конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап он жұмыс күні);

5) осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген қажетті құжаттардың тізбесі қамтылуы тиіс.

Белгілі бір жұмыс мерзімімен бос лауазымға орналастыру үшін конкурс өткізілген жағдайда мұндай шарт конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі.

Хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін қосымша ақпаратты, оның ішінде конкурстық комиссия

отырыстарына байқаушылардың қатысу мүмкіндігі туралы ақпаратты қамтуы мүмкін.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Конкурстық комиссияны құру

14. Конкурстық комиссия тиісті лауазымға тағайындауға құқығы бар тиісті қаржы мониторингі органдары басшысының (бұдан әрі – қаржы мониторингі органының басшысы) бұйрығымен құрылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Конкурстық комиссия бес адамнан құралады. Конкурстық комиссияның төрағасы осы Қағиданың 14-тармағында көрсетілген тұлға Конкурстық комиссияның Төрағасы болып айқындалады.

Конкурстық комиссияның құрамы қаржы мониторингі органы басшысының орынбасарынан, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан, кадр қызметі бөлімшесінің өкілдерінен, қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) өзге де қызметкерлерінен тұруы мүмкін.

Қаржы мониторингі органдарының кадр қызметінің өкілі конкурстық комиссияның хатшысы болып табылады, оның жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатыспайды.

Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Конкурстық комиссиясының құрамына конкурсқа қатысушы кіре алмайды.

17. Конкурстық комиссия жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына қаржы мониторингі органы басшысының келісімі бойынша байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурстық комиссияның отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (

үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қаржы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің мүшелері, мемлекеттік қызмет істері бойынша уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлға әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей қаржы мониторингі органының кадр қызметіне тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға қаржы мониторингі органының кадр қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 4-тарау 17-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

18. Байқаушылар әңгімелесу өткізу процесінде үміткерлерге сұрақтар қоймайды. Байқаушыларға конкурстық комиссия жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға, үміткерлердің жеке басы деректеріне қатысты мәліметтерді жариялауға, үміткерлер қатысатын конкурс рәсімдерінде олардың техникалық жазба құралдарын қолдануға жол берілмейді.

19. Конкурстық комиссия хатшысы байқаушыларды әңгімелесу басталардан бұрын осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес жадынамамен таныстырады.

20. Конкурс аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасы заңнамаларымен бекітілген басқа да жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия құрамы, конкурсқа қатысушылардың жеке деректерін жариялауға жол берілмейді.

5. Құжаттарды қабылдау

21. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін қаржы мониторингі органының кадр қызметіне мынадай құжаттарын тапсырады:

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысандағы өтінішті;
- 2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұрғылықты жерінің мекенжайын және байланыс телефондарын көрсете отырып);
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесін;
- 4) білімі туралы құжаттардың (диплом мен қосымшаның) көшірмесін;

5) әскери қызмет өткерген немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери оқытылған резервті даярлау жөніндегі әскери даярлықтан өткені, сондай-ақ "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мерзімді әскери қызметке әскерге шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырылғаны туралы құжаттарының көшірмесін;

6) өлшемі 3x4 фотосуретін (4 дана);

7) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы жұбайларын көрсете отырып, өз қолымен жазылған және А4 форматында басылып шығарылған өмірбаянын;

8) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;

9) құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының соттылығы, бір жылдың ішінде қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібінде әкімшілік жауапкершілікке, сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылмағандығы туралы анықтама;

10) үміткердің және оның жұбайының (зайыбының) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына табыстары мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғанын растайтын құжаттар;

11) құжаттар тапсыру сәтінде жарамды мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті органнан заңнамаларға біліктілігін тестілеуден шекті деңгейден төмен емес нәтижеде өткендігі туралы сертификат;

12) құжаттар тапсыру сәтінде жарамды мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті органнан жеке құзыреттерін бағалаудан өткендігі туралы қорытынды.

Бұл ретте кадр қызметі құжаттардың көшірмесін түпнұсқасымен салыстырады.

Құжаттардың көшірмелерін қабылдау кезінде салыстыру үшін олардың түпнұсқалары қарастырылады немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері қабылданады.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурстық комиссиямен оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

22. Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар,

ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

23. Азаматтар осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіппен немесе пошта арқылы бере алады.

Құжаттарды конкурсты өткізіп жатқан қаржы мониторингі органының кадр қызметі қабылдайды.

Құжаттарды қолма-қол қабылдау кезінде үміткерге күні мен уақыты, құжатты қабылдаған адамның тегі мен инициалдары (бар болса) көрсетілген талон беріледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Конкурстық комиссияның материалдары, оның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сондай-ақ конкурстық іріктеуден өтпеген адамдардың өтініші және өзге де құжаттары қаржы мониторингі органдарының кадр қызметінде сақталады.

Конкурстық іріктеуден өтпеген конкурсқа қатысушылар жазбаша өтініш білдірген жағдайда, құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарау

25. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарауды жүзеге асырады.

26. Конкурстық комиссия ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде үміткерлердің конкурстың кейінгі кезеңдерінен өтулеріне рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді шешім қабылдайды, ол туралы үміткерге жазбаша хабар беру жолымен хабарланады.

27. Қаржы мониторингі органдарының кадр қызметі Комиссия төрағасымен бекітілген конкурс кезеңдерінен өткізу кестесін жасайды (бұдан әрі – кесте) және ол туралы хабарламаны интернет-ресурсында, қаржы мониторингі органының ғимаратында, барлығына қолжетімді орындарда орналастырады, сондай-ақ үміткерлерге қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден өтуге жолдама береді.

Қаржы мониторингі органдарының кадр қызметі конкурсының келесі кезеңдеріне үміткер келмеген жағдайда конкурс қатысушысы жазбаша жүгінген кезде оған құжаттардың түпнұсқалары қайтарып беріледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Әскери-дәрігерлік комиссиясының қорытындысымен қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелері (экономикалық тергеу қызметі) қызметіне құқық қорғау қызметіне жарамсыз немесе шектеулі жарамды болып танылған үміткерлер конкурстың кейінгі кезеңдеріне жіберілмейді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Әңгімелесуге жікөрсетілген және жіберілмеген үміткерлердің тізімдері интернет-ресурстарда және қаржы мониторингі органының ғимаратында, барлығына қолжетімді орындарда орналастырылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Үміткерлерді тестілеу

Ескерту. 7-тарау алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Үміткерлердің дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыруы

38. Дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелері (экономикалық тергеу қызметі) қызметкерлерінің кәсіби және дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыру функциялары жүктелген бөлімшелер қабылдайды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтер үміткерлердің осы Қағидалардың 6-қосымшасында көрсетілген спорттық жаттығуларын орындауын көздейді.

40. Дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсырудың алдында нормативтерді қабылдауға жауапты адамдар үміткерлерге нұсқаманы қол қойдыра отырып жүргізеді.

41. Дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерге қосылған әрбір спорт жаттығуларының түрі бөлек тапсырылады.

42. Нормативтерді тапсыру нәтижелерін бағалау ерлер мен әйелдер үшін бөлек жүргізіледі.

43. Нормативтерді қабылдауға жауапты адамдар дене шынықтыру дайындығы бойынша әрбір нормативті тапсыру нәтижелерін осы Қағидаларға 7-қосымшасына сәйкес тізімдемеге бекітіледі және қолдарын қойдыра отырып үміткерлердің назарына жеткізеді. Спорттық жаттығулардың орындалу нәтижелерін бекіткеннен кейін қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Спорт жаттығуларының жекелеген түрлерін тапсыру бойынша тізімдемедегі деректер негізінде дене шынықтыру бойынша нормативтерді орындаудың жиынтық хаттамасы жасалады, ол конкурстық комиссияға ұсынылады.

9. Медициналық куәландыру

44. Әскери-дәрігерлік комиссияларда қызметке жарамдылығын анықтау үшін медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден өту Заңмен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 683 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында полиграфологиялық зерттеуден өту қағидаларымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

10. Үміткерлермен әңгімелесу

45. Әңгімелесудің мақсаты үміткерлердің кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

45-1. Конкурстық комиссия әрбір жарияланған бос лауазым үшін бір лауазымға үміткер кандидаттардың санымен тең көлемде сұрақтар тізбесін дайындайды.

Ескерту. 10-тарау 45-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер Комитеттің және оның аумақтық бөлімшесінің интернет-ресурсына орналастырылатын кестесіне сәйкес конкурс жариялаған Комитет не оның аумақтық мемлекеттік кірістер органдарында өтеді.

47. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Әрбір үміткермен әңгімелесу жеке хаттама түрінде ресімделеді немесе техникалық жазба құралдарының (аудио, бейне) көмегімен бекітіледі.

Үміткерлермен әңгімелесу хаттамасына конкурстық комиссия төрағасы, мүшелері, үміткер, сондай-ақ хатшы қол қояды.

Техникалық жазба құралдарын қолданылғаны туралы конкурстық комиссия отырысы хаттамасында белгі жасалады. Техникалық жазба құралдарын пайдалану конкурстық комиссия отырысының өтуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

48-1. Әңгімелесу барысында техникалық құралдар көмегімен жазылған материалдар қаржы мониторингі органдарының кадр қызметінде конкурс аяқталған сәттен бастап кемінде үш ай сақталады.

Ескерту. 10-тарау 48-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Конкурстық комиссияның қорытынды отырысы

49. Әңгімелесу аяқталғаннан кейін үш жұмыс күннен кешіктірмей өткізілетін қорытынды отырыста конкурстық комиссия үміткерлерді берген құжаттары, куәландырудың, зерттеулердің қорытындылары, дене шынықтыру бойынша нормативтерді тапсыру нәтижелері, тестілеу, өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде бағалайды және олардың қатарынан бос лауазымға орналастыру үшін іріктеуді жүзеге асырады.

50. Конкурстық комиссияның шешімі үміткер қатыстырылмай, ашық дауыс беру жолымен қабылданады.

Комиссия мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) жарияланған бос лауазымға тағайындауға ұсынады;
- 2) жарияланған бос лауазымға тағайындаудан бас тарту.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Конкурстық комиссиясының шешімі егер отырысқа оның құрамының 2/3 кем емес бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

52. Конкурстық комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда үміткер оң қорытынды алады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

53. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Конкурстық комиссияның шешімін және конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған және алмаған үміткерлердің тізімдерін кадр қызметі қаржы

мониторингі органының интернет-ресурсында және ғимаратында орналастырылады.

Талқылау барысы мен конкурстық комиссия қабылдаған шешім конкурстық комиссия төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшының қолдары қойылған хаттама түрінде ресімделеді.

Өзіне қатысты бөлігінде үміткерлер конкурстық комиссияның материалдарымен танысуға құқылы.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Оған қатысты конкурстық комиссияның қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметіне) қабылдау туралы оң шешім қабылданған үміткер арнайы тексерістен өтеді және қаржы мониторингі органдарының тиісті бөлімшесіне тағылымдамадан өту үшін жіберіледі.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Тағылымдамадан өту тәртібі

56. Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелері (экономикалық тергеу қызметі) қызметінің ерекшеліктерін зерделеу, лауазымда жұмыс істеу үшін қажетті практикалық дағдыларды алу, сондай-ақ үміткердің кәсіби, іскери және жеке қасиеттерін зерделеу үміткердің қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінде (экономикалық тергеу қызметі) тағылымдамадан өтуінің негізгі міндеті болып табылады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) алғаш рет қабылданатын, конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған үміткер тағылымдамадан (бұдан әрі – тағылымдамадан өтуші) өтуге жатады.

Құқық қорғау қызметіне конкурстық іріктеуден тыс жұмысқа қабылдануға құқығы бар адамдар тағылымдамадан өтпейді.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Тағылымдама мерзімі үш айға дейін құрайды, онда үміткердің дәлелді себептермен тағылымдамада болмаған кезеңі есепке алынбайды.

59. Үміткер конкурстық комиссияның қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшесіндегі (экономикалық тергеу қызметі) бос лауазымына орналасуға оң қорытындысын алған бос лауазым бойынша тағылымдамадан өтеді.

Құрылымдық бөлімшенің басшысы үміткердің тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру мен бақылау жүктелетін тәлімгерді анықтайды.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Тағылымдама тәлімгермен келісу бойынша құрылымдық бөлімшенің басшысы бекіткен жеке жоспар бойынша ұйымдастырылады.

Жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, ол туралы үміткер тез арада хабарландырылады.

61. Тәлімгер:

- 1) тағылымдамадан өтушімен бірлесіп, жоспарды әзірлейді;
- 2) тағылымдамадан өтушіге функционалдық міндеттерімен, мемлекеттік кірістер органының жұмысын ұйымдастырумен таныстырады;
- 3) тағылымдамадан өтушіге қаржы мониторингі органының жұмысын ұйымдастырумен, функционалдық міндеттерімен таныстырады;
- 4) тағылымдаманың барысын және тағылымдама жоспарының уақтылы орындалуын бақылайды.

Ескерту. 61-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Тағылымдамадан өтуші:

- 1) тәлімгермен бірлесіп, тағылымдама жоспарын әзірлейді;
- 2) тағылымдамадан өтіп жатқан құрылымдық бөлімшенің және жалпы қаржы мониторингі органының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық және өзге де актілердің талаптарымен танысады;
- 3) тағылымдама орны бойынша өткізіліп отырған кәсіби дайындық сабақтарына және басқа да іс-шараларға қатысады;
- 4) тағылымдама жоспарының орындалғаны туралы есеп жасайды, онда оның жеке жоспарды орындағаны, сондай-ақ тәлімгер айқындаған міндеттерін орындағаны туралы мәліметтер көрсетеді;
- 5) тағылымдамадан өту кезінде ақпаратты жарияламау туралы өзіне міндеттеме алуға міндетті.

Тағылымдама жоспары мен оның қорытындылары бойынша есеп тағылымдамадан өтушінің тағылымдамадан өткенін куәландыратын құжаттар болып табылады, олар оның жеке ісіне тігіледі.

Ескерту. 62-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Тәлімгер үміткерге ол тағылымдамадан өткен құрылымдық бөлімшенің басшысымен бекітілген пікір жазады.

Пікірде оның тағылымдама барысында алған практикалық дағдылары мен білімі, үміткердің дайындық дәрежесі, кәсіби, іскерлік және жеке қасиеттері туралы мәліметтер қамтылады.

Орындалғаны туралы белгілері бар жеке тағылымдама жоспарды, тағылымдама өту қорытындысы туралы үміткердің жазбаша есебін, сондай-ақ үміткерге қатысты жасалған пікірді құрылымдық бөлімшенің басшысы қаржы мониторингі органдарының кадр қызметіне ұсынады.

Ескерту. 63-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Тағылымдама кезеңінде үміткерге атыс қаруы мен арнаулы құралдарды алып жүруге және сақтауға рұқсат етілмейді.

Үміткердің жеке өміріне қауіп төнуі мүмкін не оның дербес әрекеттері мен шешімдері, кәсіби дайындығының төменділігіне байланысты заңдылықты, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзуға әкеліп соқтыратын болса, оны жедел іс-шараларға пайдалануға жол берілмейді.

Үміткер "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасы заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар мәліметі бар құжаттармен жұмысқа тартылмайды.

13. Шағымдану тәртібі

65. Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер конкурстық комиссияның шешіміне жоғары тұрған қаржы мониторингі органына не сотқа шағымдана алады.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік кірістер
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріндегі (экономикалық
тергеу қызметі) лауазымдарға
орналасу үшін конкурс өткізу

Конкурсқа қатысушылардың мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) жұмысқа кіруге тестілеу бағдарламасы

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қаржы мониторингі
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріндегі
(экономикалық
тергеу қызметі) лауазымдарға
орналасу үшін конкурс өткізу
және тағылымдамадан өту
қағидалары мен шарттарына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Байқаушыға арналған жадынама

Байқаушының:

- 1) конкурсқа қатысушылар туралы ақпаратпен танысуға;
- 2) олармен әңгімелесу кезінде қатысуға;
- 3) әңгімелесу өткізу рәсімі туралы өз пікірін ол аяқталғаннан кейін білдіруге;
- 4) конкурс комиссиясы отырысының хаттамаларымен танысуға;
- 5) конкурстық комиссиясының жұмысы туралы өз пікірін қаржы мониторингі органының басшылығына жазбаша түрде беруге мүмкіндігі бар;

Байқаушы:

- 1) әңгімелесу барысына фото-, аудио-, бейнетүсірілімдер жүргізуге;
- 2) конкурсқа қатысушылардың жеке басына қатысты деректерді жариялауға;
- 3) әңгімелесу өткізу процесіне араласуға, конкурстық комиссия отырысының барысына кедергі жасауға;
- 4) конкурсқа қатысушыларға қандай да бір жәрдем беруге;
- 5) конкурстық комиссияның мүшелері шешім қабылдаған кезде оларға әсер етуге;
- 6) нақты конкурсқа қатысушылар, олардың жеке қасиеттері туралы жария түрде баға беріп, пікір білдіре алмайды.

Қаржы мониторингі
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріндегі
(экономикалық
тергеу қызметі) лауазымдарға
орналасу үшін конкурс өткізу
және тағылымдамадан өту
қағидалары мен шарттарына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Қаржы мониторингі органының атауы

Өтініш

Мені бос тұрған _____

—

лауазымына орналасу үшін конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшілеріндегі
(экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарға орналасу үшін конкурс
өткізу және тағылымдамадан өту қағидалары мен шарттарының негізгі
талаптарымен таныстым және оларды орындауға міндеттенемін.
Ұсынылған құжаттардың дәйектілігіне жауап беремін.
Қоса берілетін құжаттар:

2. _____

тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын өзгерткен болсаңыз, қашан,
қайда және қандай себеппен өзгерткеніңізді көрсетіңіз

если изменяли фамилию, имя или отчество, то укажите их, а также
когда, где и по какой причине изменяли

3. Жынысы _____ 4. Туған күні, айы және жылы _____

Пол Год, число и месяц рождения

5. Туған жері _____

Место рождения (село, ауыл, қала, аудан, облыс, өлке, республика)

(село, деревня, город, район, область, край, республика)

6. Ұлты _____ 7. Азаматтық _____

Национальность Гражданство

8. Білімі _____

Образование

Оқу орнының атауы және оның тұрған жері Название учебного заведения и его местонахождение	Түскен жылы Год поступления	Бітірген немесе шыққан жылы Год окончания или ухода	Бітірмесе, қай курстан кетті Если не окончил, то с какого курса ушел	Қандай мамандық бойынша білім алды По какой специальности обучался	Оқу орнын бітірген соң, қандай біліктілік алды, диплом немесе куәлік нөмірін көрсету керек Какую квалификацию получил в результате окончания учебного заведения, указать № диплома или удостоверения

9. Қандай шетел тілдерін білесіз _____

Какими иностранными языками (оқи аласыз ба, әлде сөздікпен

владеете аудар аласыз ба,

(читаете и переводите со словарем,

читаете и можете

" ____ " _____ 20 ____ г. Өзінің қолы _____

(толтырылған мезгілі) Личная подпись

(дата заполнения)

(Жеке іс парағын толтырушы қызметкер кейінгі өзгерістер туралы (білімі, ғылыми дәреже, атақ алуы т.с.с.) қызмет орнына хабарлауға міндетті. Бұл мағлұматтар жеке іс қағазына енгізіледі).

(Работник, заполняющий личный листок, обязан о всех последующих изменениях (образовании, присвоении ученой степени, ученого звания и т.п.) сообщать по месту работы для внесения этих изменений в его личное дело).

Қаржы мониторингі
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріндегі
(экономикалық тергеу қызметі)
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс өткізу және
тағылымдамадан өту
қағидалары мен шарттарына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

ӨМІРБАЯН

АВТОБИОГРАФИЯ

Өз қолымен еркін толтырылады, алайда төмендегідей деректер МІНДЕТТІ түрде көрсетілуге тиіс: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні және туған жері; қай кезден, қандай қызметте, қай жерде жұмыс істеді; қашан жұмыс істей бастады, жұмыстан босау, ауысу себебі; Қарулы Күштер қатарына қызмет етуге қашан шақырылды, қайда және қандай қызмет атқарды; әкесінің, шешесінің, жұбайының (ерінің), туған әпке-қарындастарының (сіңілілерінің), бауырларының және балаларының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні. Өзі, жұбайы (ері) және жақын туыстары қылмыстық жауапқа тартылған ба (қашан? не үшін?).

Пишется собственноручно в произвольной форме, но с ОБЯЗАТЕЛЬНЫМ указанием следующих сведений: фамилия, имя, отчество, дата и место рождения; с какого времени начал работать, кем, где, когда где работал(а), причины перехода; когда и кем призывался на службу в Вооруженные Силы, где и в качестве кого проходил службу; фамилия, имя, отчество, дата, месяц и год рождения родителей, жены (мужа), детей, близких родственников; привлекались ли Вы, Ваша жена (муж) и родственники к уголовной ответственности (когда, за что).

" ____ " _____ 20__ ж./г.

(толтырылған дата)

(дата заполнения)

Өзінің қолы _____

Подпись

Қаржы мониторингі

органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріндегі
(экономикалық тергеу қызметі)
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс өткізу және
тағылымдамадан өту
қағидалары мен шарттарына
б-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Дене шынықтыру дайындығының бақылау нормативтері

Ерлер үшін жалпы нормативтер

№	Жаттығудың атауы	Баға	Медициналық жас тобы			
			30 дейін	31-36	37-41	42 және одан үлкен
1	Жүгіру 100 м (с)	өте жақсы	13,0	14,0	15,0	15,8
		жақсы	13,7	14,5	15,7	16,5
		қанағат.	14,3	15,3	17,2	18
2	Салмада тартылу (тартылу саны)	өте жақсы	15	13	9	6
		жақсы	13	11	8	5
		қанағат.	11	9	7	4
3	Тіреп жатып қолдарды иілту және жазу	өте жақсы	50	40	30	20
		жақсы	40	30	25	15
		қанағат.	30	20	20	12
4	16 кг. гирді көтеру (қайталау саны)	өте жақсы	23	20	18	17
		жақсы	20	17	15	14
		қанағат.	18	15	13	12

Әйелдер үшін жалпы нормативтер

№	Жаттығудың атауы	Баға	Медициналық жас тобы			
			21-25	26-30	31-35	36-39
1	Жүгіру 60 м (с)	өте жақсы	9,2	10,2	11,3	12,2
		жақсы	9,7	10,5	11,8	12,6
		қанағат.	10,2	11,0	12,3	13,2
2	Отыру немесе пресс (1 минутта саны)	өте жақсы	35	30	26	18
		жақсы	30	26	22	15
		қанағат.	25	22	18	12

Мемлекеттік кірістер органдарының
жедел-тергеу бөлімшелеріндегі

(экономикалық тергеу қызметі)
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс өткізу және
тағылымдамадан өту қағидалары
мен шарттарына
7-қосымша
Нысан

Тестілеу қағидасын бұзу туралы АКТ

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 05.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қаржы мониторингі
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріндегі
(экономикалық тергеу қызметі)
лауазымдарға орналасу үшін
конкурс өткізу және
тағылымдамадан өту
қағидалары мен шарттарына
8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Үміткерлердің дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақ тапсыру нәтижелерінің тізілімдемесі

№ р/н	Қатысу шының Т.А.Ә.	Нормативтердің атауы								қолы
		100 метрге жүгіру		Салмада тартылу		Тіреп жатып қолдарды иілту және жазу		16 кг. гирді көтеру (қайталау саны)		
		уақыты	бағасы	уақыты	бағасы	уақыты	бағасы	уақыты	бағасы	

Жауапты тұлға _____

қолы Т.А.Ә. және лауазымы

Конкурстық комиссияның хатшысы _____

қолы Т.А.Ә. және лауазымы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 17 қарашадағы
№ 498 бұйрығына
4-қосымша

Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріндегі (экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарға конкурстан тыс орналасу қағидалары мен шарттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріндегі (экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарға конкурстан тыс орналасудың осы қағидалары мен шарттары (бұдан әрі - Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы мен дене бітімінің дамуы, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Теріс себептермен жұмыстан шығарылған не өз өкілеттіктерін тоқтатқан адамдарды қоспағанда, Заңның 7-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінің (экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарына конкурстан тыс орналасуға құқығы бар.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қызметкердің құқық қорғау қызметін өткеру кезеңінде бос лауазымға орналасуы, ол тиісті бос лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, оның келісімі бойынша ауысу тәртібімен конкурстан тыс негізде немесе Заңның 7-бабы 4-тармағына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.09.2018 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Бос лауазымға конкурстан тыс іріктеу арқылы орналасуға үміткер кандидаттар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қаржы мониторингі органдарына қызметке конкурстан тыс іріктеу арқылы қабылдау туралы өтініш береді.

Қызметке конкурстан тыс іріктеу арқылы қабылдау туралы шешімді қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) төрағасы, Комитеттің аумақтық органдарының басшылары немесе олардың тапсырмасы бойынша кандидатты тағайындау жорамалданып отырған құрылымдық бөлімшелердің басшылары өтініш (қызметке қабылдау туралы) тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде әңгімелесу жүргізеді, атқаратын жұмыстың сипатын және лауазымдық міндеттерін түсіндіреді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Әңгімелесу жүргізілгеннен кейін кандидат бес жұмыс күні ішінде кадр қызметі бөлімшесіне мынадай құжаттарды:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті;
- 2) осы Қағидаларға 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурс қатысушысына арналған сауалнаманы;
- 3) осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өмірбаянды;
- 4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 5) соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездемені;
- 6) білімі туралы нотариалды куәландырылған құжаттардың көшірмелерін;
- 7) еңбек қызметін растайтын нотариалды куәландырылған құжаттың көшірмесін;
- 8) әскери қызметін өткергенін немесе Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-оқу резервін даярлау бойынша әскери даярлықтан өткенін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылғанын немесе шақырудың кейінге шегерілгенін растайтын құжаттың көшірмесін;
- 9) көлемі 3x4 (4 дана) фотосуретін;
- 10) кандидат және оның зайыбы (жұбайы) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына табыстары және мүлкі туралы декларацияны табыс еткенін растайтын құжатты;

11) өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген өзге мүлікті қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы, өзінің меншігіндегі үлестерді (акциялар пакеті) және пайдаланылуы табыс алуға әкелетін өзге де мүлікті сенімгерлік басқаруға бергенін растайтын құжатты (мүлікті сенімгерлік басқаруға беру туралы нотариалды куәландырылған шарт) ұсынады.

Егер үміткердің өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген өзге мүлікті қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы, өзінің меншігінде үлестері (акциялар пакеті) және пайдаланылуы табыс алуға әкелетін өзге де мүлкі болмаған жағдайда, осы тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

7. Кандидаттар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі мен беделіне қатысты қосымша ақпараттарды (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру туралы құжаттардың көшірмелері, ұсынымдар, ғылыми басылымдар, олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын өзге де мәліметтер) ұсына алады.

8. Кандидат осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қағаз тігілетін мұқабаға салып, қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы ұсынады.

Құжаттарды қолма-қол қабылдау кезінде кандидатқа күні мен уақыты, құжаттарды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

9. Құжаттарды қабылдау және кандидаттарды зерделеу жұмыстарын ұйымдастыруды қаржы мониторингі органдарының кадр қызметі жүзеге асырады.

Кадр қызметі осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды қарастырады, кандидаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Құжаттар пакетін толық ұсынбаған, оларды тиісті түрде ресімдемеген жағдайда құжаттар қайтарылу себептері көрсетіле отырып, кемшіліктерді жою үшін қайтарылуға жатады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Кандидаттар ұсынған құжаттарды тексеру аяқталғаннан кейін кадр қызметі бөлімшесі кандидаттың қызметке жарамдылығын анықтау үшін оған медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, соның ішінде полиграфологиялық зерттеуден және әскери-дәрігерлік комиссиялардан өту үшін жолдама береді.

11. Арнайы тексерістің нәтижелері болмаған жағдайда кадр қызметі кандидатқа қатысты материалдарды ұлттық қауіпсіздік органдарына арнайы тексеріс жүргізу үшін жолдайды.

12. Құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерін қызметке қабылдау кезінде кадр қызметі мұрағаттық жеке істі зерделейді және осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген жаңартылған құжаттарды қосады.

13. Кадр қызметі құжаттарды осы Қағидалардың 10 және 11-тармақтарының ережелерін ескере отырып ұсынғаннан кейін, Комитет төрағасы, Комитеттің аумақтық органының басшысы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) қызметке қабылдауға келісім береді;
- 2) қызметке қабылдаудан дәлелді түрде бас тартады.

Кандидат қойылған біліктілік талаптарына және "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағында көзделген құқық қорғау қызметіне тұру шарттарына сәйкес келмеген, сондай-ақ осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған немесе толық ұсынбаған жағдайда олар қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болады.

Қаржы мониторингі
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріндегі
(экономикалық тергеу қызметі)
лауазымдарға конкурстан тыс
орналасудың қағидалары мен
шарттарына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

(Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Қаржы мониторингі комитетінің басшысына)

Өтініш

Мені қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшесіне (экономикалық тергеу қызметі) қызметке қабылдауды сұраймын.

Қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріндегі (экономикалық тергеу қызметі) лауазымдарға конкурстан тыс орналасудың

қағидалары мен шарттарының талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің дәйектілігін растаймын.

Мен хабарлаған жалған мәліметтердің қаржы мониторингі органдарының жедел-тергеу бөлімшелеріне (экономикалық тергеу қызметі) қызметке қабылдаудан бас тартуға, осы қызметтен жұмыстан шығаруға әкеліп соғуы мүмкін екені маған белгілі.

Маған қатысты тексеріс іс-шараларын жүргізуге келісемін.

Қоса берілетін құжаттар:

_____ ;
_____ ;
_____ .

(қолы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

20__ жылғы "___" _____

Қаржы мониторингі
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріндегі
(экономикалық тергеу қызметі)
лауазымдарға конкурстан тыс
орналасудың қағидалары мен
шарттарына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

САУАЛНАМА

СҰРАҚТАР	ЖАУАПТАР
1. Тегі, аты, әкесінің аты	
2. Тегін, атын немесе әкесінің атын өзгерткен болса, қашан, қайда және қандай себептермен өзгерткен.	
3. Туған жылы, күні, айы және орны (ауыл, қала, аудан, облыс, республика).	
4. Ұлты, азаматтығы (егер өзгерткен болса, қашан және қандай себептермен екені көрсетілсін).	
5. Білімі (қашан және қандай оқу орындарын аяқтаған, дипломдардың нөмірлері), диплом бойынша мамандығы мен біліктілігі.	
6. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (қашан берілген, дипломның нөмірі), ғылыми еңбегі және шығармалары туралы мәліметтер.	
7. Ана тіліңіз, басқа қандай тілдерді және қай дәрежеде білесіз?	

8. Заңнамада белгіленген тәртіпте әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылдыңыз ба?	
9. Құқық қорғау органына қызметке тұрмастан бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаныңыз үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылдыңыз ба?	
10. Құқық қорғау органына қызметке тұрмастан бұрын сот тәртібімен әдейі құқық бұзушылық жасағаныңыз үшін әкімшілік шара қолданылды ма?	
11. Құқық қорғау органына қызметке тұрмас бұрын сот тәртібімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік шара қолданылды ма?	
12. Бұрын сотталған немесе қылмыстық жауаптылықтан ақталмайтын негіздер бойынша босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептермен шығарылған болдыңыз ба?	
13. Сіздің жақын туысқандарыңыз сотталған болды ма (қашан және не үшін)?	
14. Сіз және Сіздің жақын туысқандарыңыз шетелде болған ба, қашан және қандай мақсатпен?	
15. Сізде немесе жұбайыңызда (зайыбыңызда) шетелде тұрақты тұратын туысқандар бар ма (тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, туысқандық деңгейі, тұрғылықты жері, тұратын елі, олар шетелде қай уақыттан бері тұрады, немен айналысады)?	
16. Сіз орналасайын деп отырған лауазымның тікелей бағыныстылығындағы лауазымды атқарып отырған мемлекеттік қызметшінің жақын туысы (ата-анасы, баласы, қызы, асырап алушы, асырап алынған, толық немесе толық емес ағасы және апасы, атасы, әжесі, немересі, зайыбы немесе жұбайы) болып табыласыз ба?	
17. Сіз орналасайын деп отырған лауазымның тікелей бағыныстылығындағы лауазымды атқарып отырған мемлекеттік қызметшінің жақын туысы (ата-анасы, баласы, қызы, балалыққа алушы, балалыққа алынған, толық немесе толық емес ағасы және апасы, атасы, әжесі, немересі, зайыбы немесе жұбайы) болып табыласыз ба?	

18. Ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, аталар, әжелер, немерелер немесе жұбай (зайып) жақын туысқандар болып табылады*.

Туысқандық деңгейі	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жері, жылы, айы, күні	Жұмыс орны және лауазымы	Тұрғылықты мекен-жайы

* Егер туысқандарыңыз тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен болса, онда олардың бұрынғы тегін, атын, әкесінің атын да көрсету қажет.

19. Еңбек жолын бастағаннан бері істеген жұмыстары (жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқыған жылдарын, әскери қызметін, қоса атқарған жұмысын, кәсіпкерлік қызметін және т.б. қоса есептегенде)

Бұл тармақты толтырғанда мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар сол уақытта қалай аталса, сол қалпында аталуы керек. Әскери қызметін жазғанда лауазымын, әскери бөлімшенің нөмірін, оның орналасқан жерін көрсету керек.

Айы және жылы		Лауазымы, мекеменің, ұйымның, кәсіпорынның атауы көрсетіле отырып	Мекеменің, ұйымның, кәсіпорынның тұрған жері
келу	Кету		

20. Әскери міндетке қатысы және әскери атағы

21. Үй мекен-жайы (нақты тіркелген мекен-жайы және тұратын мекен-жайы), үй телефонының, ұялы телефонның нөмірі

22. Төлқұжат, жеке куәлігі _____

(сериясы, нөмірі, кім және қашан берген)

23. Қосымша мәліметтер (мемлекеттік наградалар, сайланбалы өкілдік органдарға қатысуы, сондай-ақ кандидаттың өзі туралы хабарлағысы келген басқа да ақпарат) _____

(қолы, Т.А.Ә.)

20__жылғы "___" _____

Қаржы мониторингі
органдарының жедел-тергеу
бөлімшелеріндегі
(экономикалық тергеу қызметі)
лауазымдарға конкурстан тыс
орналасудың қағидалары мен
шарттарына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.02.2019 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

ӨМІРБАЯН

Өмірбаян қатысушының өз қолымен, еркін түрде, түзетусіз, шимақсыз, мынандай мәліметтерді міндетті түрде көрсетумен толтырылады:

- аты, әкесінің аты, тегі, туған күні мен жері, ұлты, ана тілі, қандай тілдерді біледі;
- қашан, қайда, қандай оқу мекемелерінде оқыған, білімі бойынша мамандығы;
- қандай қызметте, қашан, қайда жұмыс атқарған, кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның толық атауы және мекен-жайы, бір жұмыс орнынан екіншіге ауысу себебі, тәртіптік, әкімшілік, материалдық немесе қоғамдық шаралар қолданылған ба, қолданылса, қашан, кіммен, не үшін (қандай шара);
- әскери міндетке қатысы: қашан және кіммен нақты әскери қызметке шақырылған (егер шақырылмаса, не себептен), қандай әскери бөлімде (нөмірі), қандай қызметте қызмет атқарған, қашан және қандай лауазымнан Қарулы Күштердің запасына шығарылған, әскери атағы;
- отбасы жағдайы: қашан некеге тұрған, жұбайының (зайыбының) аты, әкесінің аты, тегі, туған күні мен жері, ұлты, жұмыс орны, лауазымы, егер қатысушының, оның жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының тегі өзгертілген болса, олардың алғашқы аты-жөнін көрсету қажет;
- қатысушы, оның жұбайы (зайыбы) немесе туыстарының бірі шетел азаматтығында болған немесе бар ма (кім, туыскандық дәрежесі), олардың ішінде шетелде болған ба (қашан, қайда, қандай мақсатпен) немесе шетелге тұрақты тұру үшін шығу туралы қолдау хат ұсынған ба (қашан, қандай себептермен), шетел азаматы болып табылатын туыстар мен таныстар, шетелде тұратын, бірақ қазақстандық азамат болып табылатын туыстар мен таныстар бар ма (аты, әкесінің аты, тегі, туыскандық дәрежесі, айналысатын кәсібі, мекен-жайы), олармен қандай қарым-қатынаста; қатысушы, оның жұбайы (зайыбы), жақын туыстары қылмыстық жауапкершілікке тартылған ба (қашан, не үшін, қандай жазаға).

"__" _____ 20__ ж./г.
(толтырылған дата)

Өзінің қолы _____

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 17 қарашадағы
№ 498 бұйрығына
5-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының кеден органдарына конкурстық іріктеуден тыс қызметке орналасу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 283 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 2 шілдеде № 7054 тіркелді. "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 19 шілдеде № 303-304 (26698); "Казахстанская правда" газетінде 2011 жылғы 27 тамызда № 272-2274 (26693-26695); Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2011 жылы № 36 (тираждың шыққан күні 2011 жылғы 7 желтоқсан) жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының кеден органдарына конкурстық іріктеуден тыс қызметке орналасу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 283 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 407 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 03 қазанда № 8774 тіркелді. "Казахстанская правда" газетінде 2013 жылғы 28 қарашада № 325 (27599); "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 28 қарашада № 263 (28202) жарияланған);

3) "Конкурстық негізде тағайындалатын кеден органдары лауазымдарының тізбесін, Қазақстан Республикасының кеден органдарына құқық қорғау қызметке орналасу кезінде конкурсты және тағлымдаманы өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 409 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 17 қазанда №

8820 тіркелді. "Казахстанская правда" газетінде 2013 жылғы 28 қарашада № 325 (27599); "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 28 қарашада № 263 (28202) жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК